Аты-жөні / Фамилия Имя

Облысы / Область Павлодар Баянаул. Беркожин Предмет казахский язык и литература

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № ____

"Сегіз аяқ" өлеңінің мазмұны мен ұлттық құндылығы.

"Сегіз аяқ" - Абай Құнанбаевтың ең мағыналы да құнды өлеңдерінің бірі. Өлеңде ақын барша халықты бірлікке, тұтастыққа шақырады. Ақынның әрбір туындысы халыққа жазылған құнды насихаттар мен үндеулер жеткізуге тырысады. Бұл өлеңде Абай өз қайран жұртын бірлік пен ұжымдастыққа шақырып қана қоймай, сонымен қатар адамның жаман жақтарын да жасырмай жарға қосады. Пенденің бойындағы жаман қасиеттердің оның өміріне қалай әсер ететінін дәлме-дәл айқындайды. Надандықтың адамды алға жетелемейтіндігін, керісінше оны қараңғы түнекке апарып соғатынын өлеңдерімен жеткізбек болады. Оған мына өлең жолдары дәлел: "Жұрт айтса көнді, көп айтса болды, әдеті надан адамның". Өз ойынсыз, өз көзқарассыз адамның өзін алға жетелей алмайтындығын айтқан.

Ақ жаңбыр Сұлтанмахмұт Торайғыров атамыз "Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе!" - дегендей, ақынның небір асыл өлеңдерін мысалға келтіруге болады. Халқым десе ішкен асын жерге қояр Абай атамыз халқына неғұрлым жақын болуға бар күшімен тырысқан. "Сегіз аяқ" өлеңінде ақын халқының арасында өз ойсыз,



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

жалқау, еріншек, өзімшіл қасиеттері басым небір адамдарды әшкерелейді. Жұртқа әрқашан адал еңбекпен істелген жұмыс, адал ниетпен қаралған істің дұрыстығын дәлелдейді. Іспетсіз бай феодалдардың арам пиғылдарын Абай әркез сезіп қоя алатын, оларды барша халыққа әшкерелеп, өлеңінде олар туралы да жыр салған. Қазіргі жастарға "Сегіз аяқ" өлеңі тәрбиеге толы әрі мағынасы мол өлеңдердің бірі ретінде алынады. Абайдың өлеңдері жастардың бойына көптеген жақсы қасиеттерді сіңіруге ықпал етеді. Олардың өмірге деген көзқарастарының дамуына септігін тигізіп қана қоймай, алауыздықтың, жамандықтың түбі неге әкеліп соғарын осы өлеңінде ашып айтып кеткен. Ақынның бұл өлеңі жас ұрпаққа таптырмас қазына. Біз бұндай туындыларды құрметтеу, сақтау және ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде қалдыру - міне біздің міндетіміз.

2 тапсырма

(зат е, етістік, сын есім, етістік, зат есім, зат есім, етістік, етістік, сан, етістік)

Дастарқана, көрейік, мақтайтын, шаршадым, ағаның, жапырақтарына, іліккен, аттылы, сытырлатып, шыңкілдесуге.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ